

**Тәңірберген ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 3 желтоқсандағы № 1 "Тәңірберген ауылдық округінің елді мекендерінің көшелеріне атау беру туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Тәңірберген ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 3 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 11 желтоқсанда № 5733 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына және Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 9 ақпандағы "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңына сәйкес, Тәңірберген ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Тәңірберген ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 3 желтоқсандағы № 1 "Тәңірберген ауылдық округінің елді мекендерінің көшелеріне атау беру туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-8-72 болып тіркелген, 2009 жылғы 7 қаңтардағы "Мәртөк тынысы" аудандық газетінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

шешімнің кіріспесі келесідей жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік–аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14, 16 баптарына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына сәйкес, Тәңірберген ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**";

мемлекеттік тіліндегі шешімнің атауында деректемесінде "Тәңірберген" сөзі "Тәңірберген" сөзімен ауыстырылсын;

орыс тіліндегі шешімнің атауында ""Танирберген"" сөзі "Танирберген" сөзімен ауыстырылсын;

орыс тіліндегі шешімнің деректемесінде "аульного" сөзі "сельского" сөзімен ауыстырылсын;

мемлекеттік тіліндегі шешімнің 4 тармағындағы "ресмі" сөзі "ресми" сөзімен ауыстырылсын.

2. Осы шешімінің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК